

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
БАКАЛАВРИАТ ДЕҢГЕЙІ
6В11101-Қызмет көрсету саласы (Туризм)

Пән-дер циклі	Пән атауы және олардың негізгі бөлімдері	Оқу сыйым-дылығы көлемі (ECTS)
ЖБП 1	ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР ЦИКЛІ (ЖБП)	5
1.	<p>Экономика және бизнес негіздері</p> <p>Қоғамдық өндіріс. Капиталдың мәні, формалары, құрылымы. Өндіріс шығындары. Нарықтық экономикадағы өндіріс кірістері. Бизнес түсінігі. Кәсіпкерлік қызмет түрлері. Меншік теориясы, шаруашылық жүргізудің қоғамдық формалары. Тауар, ақша. Қоғамдық экономикалық жүйе. Нарықтың пайда болуы. Қаржы жүйесі. Бизнесі дамытудағы мемлекеттің рөлі. Макроэкономика. Ресурс үнемдеу. Экономикалық дамудың циклілігі. Инфляция және жұмыссыздық. Қазақстан елімізді әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесінде.</p>	5
2.	<p>Құқық және жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері</p> <p>Конституцияның, ҚР қолданыстағы заңнамасының негізгі ережелері; мемлекеттік басқару органдарының жүйесі, экономиканы мемлекеттік реттеудің өкілеттілік шеңбері, мақсаттары, әдістері, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлі; қаржылық құқық және қаржы; материалдық және іс жүргізу құқығының өзара іс-қимыл тетігі; сыбайлас жемқорлықтың мәні, оның шығу себептері; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін моральдық-адамгершілік, құқықтық жауапкершілік шаралары; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы заңнама.</p>	5
3.	<p>Адамның тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі</p> <p>Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі, оның негізгі ережелері. Қауіптер, Төтенше жағдайлар. Тәуекелді талдау, тәуекелдерді басқару. Адам қауіпсіздігі жүйелері. Қазіргі заманғы тұрақсыздандыру факторлары. Әлеуметтік қауіптер, олардан қорғау: рухани саладағы, саясаттағы қауіптер, олардан қорғау: экономикалық саладағы қауіптер, тұрмыстағы, күнделікті өмірдегі қауіптер. Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың қызметін құқықтық реттеу органдарының жүйесі.</p>	5
4.	<p>Экология және тұрақты даму</p> <p>Тірі организмдердің, түрлі деңгейде ұйымдасқан экожүйелердің, бүтін биосфераның негізгі тіршілік ету заңдылықтары, олардың тұрақтылығы; биосфера компоненттерінің қатынасы және табиғат пайдаланудың қарқындылығы салдарынан адам шаруашылық іс әрекетінің экологиялық зардаптары; ҚР және дүние жүзі бойынша тұрақты дамуға кқшу тұжырымдамасы, стратегиялар мен міндеттер; экологиялық проблемалар, қоршаған ортаны қорғау, тұрақты даму.</p>	5
БП 2	БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛІ (БП)	56
1.	<p>Туристік-спорттық дайындық</p> <p>Туристік-спорттық дайындық туралы түсінік. Спорттық туризм тарихы және оның түрлеріне жалпы шолу. Спорттық туризм түрлерінің жіктелуі.</p>	3

	<p>Тау туризмінде кездесетін кедергілер. Спорттық жарыстарды ұйымдастыру және өткізу. Спорттық туризм нормативтері. Жаяу туристік жорықтар. Тау-кен туристік жорықтары. Шаңғы туристік жорықтары. Картада жүру бағыттарын талдау. Күрделі жорыққа дайындық.</p> <p>Туризмдегі физикалық дайындық</p> <p>Белсенді туристік саяхатқа қатысушылардың дене дайындығының мақсаты, құралдары және әдістері. Физикалық қасиеттерінің дамуы. Қозғалыс дағдыларын жүйелі жаттығу арқылы қалыптастыру және бекіту. Жалпы және арнайы физикалық дайындық. Күш, төзімділік, тепе - теңдік, ептілік, жылдамдық, икемділік-Туризмдегі физикалық дайындықтың негізгі сапасы.</p>	
2.	<p>Топография негіздері және туристік карталармен жұмыс</p> <p>Курстың негізгі ұғымдары: географиялық карта, жергілікті жердің жоспары, аумақты қамту және мазмұны бойынша карталардың түрлері. Карта және аумақ бойынша азимутты бағдарлау, анықтау. Жердің және картада нүктенің координаттары. Карталардың жіктелуі, топографиялық карталардың графикасы және номенклатурасы, топографиялық карталардың шартты белгілері. Туристік карталармен жұмыс. Жергілікті жердің жоспарын және маршруттық түсіруді жасау. Туристік маршрутта бағдарлау.</p> <p>Топография негіздері және жергілікті жерде бағдарлау</p> <p>Таңдаған қызмет саласындағы міндеттерді шешу үшін топографияны пайдалану саласында кәсіби құзыреттілікке ие бакалаврларды теориялық және практикалық дайындау. Карта және аумақ бойынша азимутты бағдарлау, анықтау. Жергілікті жердің жоспарын және маршруттық түсіруді жасау. Туристік маршрутта бағдарлау.</p>	4
3.	<p>Туризмнің белсенді түрлерінің техника және тактикасы</p> <p>Туризмнің белсенді түрлерінің техникасы мен тактикасының негізгі ұғымдары. Белсенді туристік саяхаттардың отандық және шетелдік жіктелуі. Туризмнің белсенді түрлеріндегі тактикалық әзірлемелердің мазмұны мен құрастыру әдістемесі. Белсенді туристік саяхатта тамақтануды ұйымдастыру. Белсенді туристік қызметке физикалық дайындық. Белсенді туристік саяхаттарға арналған жабдықтардың жалпы сипаттамасы. Туризммен айналысу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Белсенді туристік саяхаттардың алдын алу шаралары және медициналық қамтамасыз ету. Күрделілігі 1-2 санаттағы тау-кен саяхаттарын, жаяу, шаңғы және велосипед, су саяхаттарын ұйымдастыру және өткізу ерекшеліктері. 1-2 күрделілік санатындағы белсенді туристік саяхаттар үшін сүйемелдеу бригадаларын дайындау және қалыптастыру.</p> <p>Туризмнің экстремалды түрлері</p> <p>Экстремалды туризм ұғымы. Экстремалды туризм түрлері. Туризмнің су түрлері: дайвинг, вейкбординг, су шаңғысы, виндсерфинг, каякинг, рафтинг. Туризмнің жер үсті түрлері: маунтинбайкинг, туризмнің тау түрлері, альпинизм, тау шаңғысы, сноуборд. Туризмнің әуе түрлері: парашюттік спорт, бейсджампинг, фристайл. Туризмнің экзотикалық түрлері: джайло - туризм, вулканобординг, роупджампинг, индустриялық туризм. Экстремалды туризм тәуекелдерінің түрлері.</p>	5
4.	<p>Туризм менеджменті</p> <p>Курстың пәні мен міндеттері. Басқару және оның элементтері. Менеджмент шаруашылық басқарудың бір түрі ретінде. Басқару объектілері мен субъектілері, олардың тиімді өзара іс-қимылының</p>	5

	<p>шарттары. Менеджменттің түрлері мен функциялары. Басқармадағы классикалық мектеп. Адами қатынастар мектебі. Ғылыми басқару мектебі. Менеджментке заманауи концепциялар мен тәсілдер. Туризм менеджментінің қалыптасу тарихы. Әлемнің әр түрлі елдеріндегі кәсіби менеджерлер – кадрларды даярлау жүйесі. Туристік кешен басқару объектісі ретінде. Туризмді басқару жүйесі. Туризмнің ішкі және сыртқы ортасы жүйе ретінде. Қазақстандағы туризмді басқару құрылымы.</p> <p>Туристік саланы басқару</p> <p>Туристік саланы басқаруға әсер ететін факторлар. Туризмдегі басқару деңгейлері. Халықаралық (жаһандық) - халықаралық ынтымақтастық, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар, келісімдер, шарттар. Ұлттық (мемлекеттік) - туризм, Ұлттық экономика саласы ретінде, министрліктер мен ведомстволар.</p>	
5.	<p>Туризм маркетингі</p> <p>Туристік маркетингтің теориялық негіздері. Туристік маркетинг жүйесі. Нарықты және турфирманың сыртқы ортасын зерттеу нарықты сегменттеу және позициялау. Тұтынушының мінез-құлық моделі. Өнім және өнімнің өмірлік циклі. Туризмдегі сапаны маркетингтік басқару. Турөнім бағасының түсінігі. Туристік индустрияның тауарлары мен қызметтерін бөлу арналары. Туристік маркетинг коммуникациялары. Бәсекелестік және бәсекеге қабілеттілік. Маркетингті жоспарлау. Ішкі маркетинг. Халықаралық маркетинг.</p> <p>Туристік индустриядағы маркетингтік технологиялар</p> <p>Пәнді игерудің мақсаты студенттерді туристік фирманың маркетингінің принциптерімен, функционалдық міндеттерімен және стратегияларымен таныстыру, сонымен қатар студенттерді туризм саласында маркетингтік технологияларды қолдану бойынша нақты шешімдер қабылдауға үйрету болып табылады.</p>	5
6.	<p>Туризмдегі бухгалтерлік есеп</p> <p>Басқару жүйесіндегі бухгалтерлік есеп. Бухгалтерлік Ақпарат және басқарушылық шешімдерді қабылдау. Бухгалтерлік есепті анықтау және оның міндеттері. Бухгалтерлік есеп пәні. Бухгалтерлік есеп әдістері және оның элементтері. Қазақстандағы бухгалтерлік есепті заңнамалық реттеу. Бухгалтерлік баланс. Бухгалтерлік шоттардың құрылымы мен мазмұны. Бухгалтерлік есеп шоттарында шаруашылық операцияларды тіркеу. Бухгалтерлік құжаттар, олардың тағайындалуы және жіктелуі. Тауарлық-материалдық қорлардың бар болуын және қозғалысын бағалау, есепке алу. Дебиторлық берешекті және басқа да активтерді есепке алу. Табыс ұғымы. Табыстарды тану әдістері. Туристік сала кәсіпорындарында есепке алуды ұйымдастыру ерекшеліктері. Туристік кәсіпорынның шығындарын есепке алу. Туристік кәсіпорынның кірістерін есепке алу. Туристік кәсіпорындарға салық салу ерекшеліктері.</p> <p>Туризм саласындағы ұйымдардың қаржысы</p> <p>Ұйымдардың қаржы теориясы, Активтер құрылымы, сондай-ақ оларды қаржыландыру көздері, қаржылық талдау, сондай-ақ кәсіпорынның қаржылық жоспарын құру тәртібі саласында кешенді білімдер мен практикалық дағдыларды қалыптастыру; қаржылық талдау және жоспарлау жүргізу үшін қаржылық құралдарды білікті пайдаланудың кәсіби дағдыларын дамыту.</p>	4

7.	<p>Туризм экономикасы</p> <p>Туризмге қатысты экономиканың ғылым ретінде анықтамасы. Ұлттық шаруашылық жүйесіндегі экономика саласы. Туризм экономикасының теориялық негіздері. Туризм экономикасын зерттеудің құрылымдық аспектілері. Кәсіпорын нарықтық экономиканың субъектісі ретінде. Экономикалық талдау әдістері. Туристік ресурстарды, инфрақұрылымды және туризм индустриясын талдау және экономикалық бағалау. Туризм экономикасы әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымның салааралық кешені ретінде. Туристік шаруашылық субъектісінің экономикасы (туристік фирманың).</p> <p>Туристік қызметтің экономикалық негіздері</p> <p>Тур саяхаттың басты мақсаты негізінде біріктірілген және белгілі бір маршрутта белгілі бір мерзімде ұсынылатын әр түрлі қызметтер кешені ретінде (орналастыру, тамақтандыру, көлік қызметтері, тұрмыстық, туристік, экскурсиялық және т.б.). Туристік өнім. Туристік экспорт. Туристік импорт. Экономикалық көрсеткіштер.</p>	4
8.	<p>Туризмдегі іскерлік ағылшын тілі</p> <p>Туризм индустриясы. Туризм саласындағы заңнама. Экологиялық қауіпсіз туризм. Туризмдегі қауіпсіздік техникасы. Туризмдегі жарнама. Туризмдегі ойын-сауық және аттракциондар. Әлемнің танымал туристік объектілері. Туристік компаниялар және олардың қызметінің аспектілері. Туроператорлар және олардың функциялары. Туризмдегі көлік қызметтері, көлік түрлері. Орналастыру және тамақтану, қонақ үйлер мен мейрамханалар. Әлемнің атақты қонақ үйлері. Іскерлік кездесулер мен сапарларды ұйымдастыру. Туризмдегі клиенттермен жұмыс.</p> <p>Туризм саласындағы ағылшын тілі</p> <p>Business trip. Preparation of tourist travel. The work of a tour guide. Making excursions to attractions. Kind of tourism. Conducting business negotiations. Famous tourist sites of the world. Tourist routes. /</p> <p>Іскерлік сапар. Туристік саяхат жасау. Гид-экскурсоводтың жұмысы. Назар аударарлық орындар бойынша экскурсия жасау. Туризм түрлері. Іскерлік келіссөздер жүргізу. Әлемнің танымал туристік объектілері. Туристік маршруттар.</p>	5
9.	<p>Туризмдегі этика және этикет</p> <p>Іскерлік өмірде және күнделікті қызметте табыстың қажетті шарты ретінде белгілі бір моральдық және адамгершілік қасиеттері бар адам мен маманның "оң бейнесін" қалыптастыру; этикет саласындағы білім, білік және дағды жүйесі, яғни азаматтық және іскерлік салада қабылданған мінез-құлық кодексінің негіздері. Этикеттің даму тарихы. Іскерлік қатынастардағы этикалық қағидалар мен нормалар. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық мәдениеті. Сәлемдесулер мен ұсыныстардың этикасы, визит карточкасы. Мәдени өзара іс-қимыл. Өртүрлі елдердегі іскерлік этикеттің ерекшеліктері. Іскерлік ер адамның киімі және сыртқы түрі. Іскер әйелдің киімі мен сыртқы келбеті. Іскерлік этикеттің ерекшеліктері. Іскерлік өзара іс-қимыл. Басшының (менеджердің) этикеті, хатшының этикеті.</p> <p>Іскерлік этикет, Іскерлік қарым-қатынас дағдылары</p> <p>Бұл курс іскерлік адамды сипаттайтын негізгі ережелерді жалпылап тұжырымдауға мүмкіндік береді: іскерлік әңгіме, коммерциялық</p>	5

	келіссөздер, қызметтік кеңес, қызметтік телефонмен сөйлесу және келушілерді сөйлеу, логикалық, психологиялық және бейвербалды мәдениет тұрғысынан қабылдау. Бұл курсты оқу барысында студенттер іскерлік қағаздарды рәсімдеудің негізгі түрлерімен, ресми-іскерлік стилінің ерекшеліктерімен, сонымен қатар ауызша және жазбаша түрдегі іскерлік тілдің лексика-грамматикалық және стилистикалық ерекшеліктерімен танысады.	
10.	Экологиялық туризм	5
	Экологиялық туризмнің құқықтық мазмұны, Қазақстандағы табиғатты қорғау қызметінің негіздері. Туризм бойынша болашақ менеджердің және туристік-өлкетану жұмысы бойынша ұйымдастырушының дүниетанымын қалыптастыру. Курс табиғатқа тұтас материалдық жүйе ретінде, яғни үздіксіз дамудағы және қоғамның дамуымен өзара әрекеттестікте болатын өзара байланысты және өзара іс-қимыл жасайтын процестер мен құбылыстар кешеніне көзқарасты тұжырымдайды және бекітеді. Табиғи-аумақтық кешен туралы білімді қалыптастыру, географиялық қабықтың даму заңдылықтары, оның аумақтық дифференциациясы және экологиялық тұрақтылығы. Табиғатты және экологиялық мәдениетті "жұмсақ" қарым-қатынас дағдылары. Қазақстан мен шет елдердің ЕҚТА экологиялық туризмді ұйымдастыру, экологиялық менеджмент және маркетинг.	
	Әлемнің және Қазақстанның ерекше қорғалатын объектілері	
	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың негізгі мақсаттары мен міндеттері; қорықтық аумақтардың түрлері; әлем елдерінде және Қазақстанда ЕҚТА-да туризмді дамыту. Табиғи-аумақтық кешен туралы білімді қалыптастыру, географиялық қабықтың даму заңдылықтары, оның аумақтық дифференциациясы және экологиялық тұрақтылығы.	
11.	Туризмдегі жарнама іс-әрекеті	5
	Маркетингтік коммуникация кешеніндегі жарнама. Туризмдегі жарнама ерекшеліктері. Туристік жарнама түрлері. Туристік кәсіпорынның жарнамалық ақпаратын таратудың ең танымал құралдары. Туристік фирманың көрме жұмысына қатысуы. Туристік кәсіпорынның имиджін қалыптастыру. Кеңсені рәсімдеу және келушілерді қабылдауды ұйымдастыру. Жарнаманың практикалық әдістері, технологиялары мен тәсілдері. Бұқаралық коммуникация және ақпарат құралдарымен жұмыс істеу тәсілдері. Көпшілік және мамандандырылған аудиторияларға әсер ету тәсілдері, нақты индивидпен өзара қарым-қатынастың барлық нюанстарын ұсыну. Фирманың маркетингтік және бәсекелі стратегияларында жарнамалық менеджменттің рөлі мен орнын көрсету.	
	Жарнамалық маркетинг	
	Мақсаты, объектілері, субъектілері, принциптері, құралдары, қолдану саласы; жарнамалық қызметті құқықтық реттеу; жарнамалық процесс; жарнаманың түрлері мен нысандары, жарнамалық акциялар мен науқандарды ұйымдастыру; олардың тиімділігін бағалау. Жарнамалық хабарламаларды жасай білу; ұйымның қаржылық мүмкіндіктері мен мақсаттылығын ескере отырып, жарнама тасымалдаушыларды таңдау; жарнамалық акцияларды ұйымдастыру; олардың тиімділігін бағалау; "Туризм" бағыты бойынша кәсіби қызметте қолданыстағы заңнаманы қолдану.	
12.	Туризмдегі жаңа ақпараттық технологиялар	3

	<p>Ақпараттық технологиялардың даму кезеңдері. Ақпараттық технологиялар дамуының бизнеске әсері. Туриндустриядағы ақпараттық технологиялардың рөлі мен маңызы. Интернет іздеу жүйелері. Туристік ақпараттық ресурстарды жіктеу. Электронды брондаудың заманауи жүйесінің қалыптасуы. Туристік фирмалардың қызметін автоматтандыру. Геоақпараттық жүйелер: тағайындалуы, жіктелуі, құрылымы және деректер көздері. Спутниктік навигациялық жүйелерді пайдалана отырып позициялау әдісі. Туристік бизнесте ГАЗ қолдану. Мультимедиялық өнімдердің түрлері. Виртуалды экскурсиялар және саяхат.</p> <p>Туризмдегі ақпараттық және коммуникациялық технологиялар</p> <p>Оқу үрдісінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану бойынша бакалаврдың құзыреттілігін қалыптастыру негізін құрайтын туризмде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану саласында білім, білік және дағды жүйесін дамыту. Кәсіби қызметте қазіргі заманғы АКТ құралдарының мүмкіндіктерін пайдалану саласында құзыреттілікті қалыптастыру; туризм жүйесінде жұмыс істейтін маманның кәсіби қызметінде АКТ құралдарын пайдалану мен қолдануға үйрету.</p>	
13.	<p>Конгрессті туризм және ойын-сауық индустриясы</p> <p>Ойын-сауық индустриясы: түсінігі, мәні, ерекшеліктері. Ойын-сауық индустриясының даму кезеңдері ойын-сауық индустриясының инфрақұрылымы ойын-сауық және демалыс саласында қызмет көрсету технологиялары туралы түсінік. Ең-де іскерлік туризм индустриясы: жергілікті және жаһандық аспектілері, Ғаламдық нарыққа іскерлік туризм үшін оның кездесулер Критерийлері қызмет көрсету технологиясы. Мерекелік және көпшілік-ойын-сауық іс-шараларын іске асыру процесінде көркем шығармашылық негізінде қызмет көрсету технологиясы. Заманауи техникамен байланысты демалыс технологиялары. Театрлар мен киноконцерт залдарының жіктелуі. Тақырыптық парктердегі қызметті ұйымдастырудың технологиясы мен ерекшеліктері. Ойын технологиялары. Ойын бизнесінің негізгі ұғымдары Шоу - Бизнес Ойын-сауық индустриясының сегменті ретінде.</p> <p>Іскерлік туризм менеджменті</p> <p>Пәнді меңгеру нәтижесінде студенттерде іскерлік туризмді ұйымдастырудың мәні мен ерекшеліктері туралы, туристік қызметтердің халықаралық және ресейлік нарықтарындағы туризмнің осы түрінің жағдайы мен динамикасы туралы түсінік қалыптастырылуы тиіс. Курстың міндеттері: дау туралы айқын түсінігі, ерекшелігі ұйымның іскерлік туризм ауқымы, түрлері, бағыттары, туристік ағындарын) туралы; іскерлік туризм индустриясы жергілікті, федералдық және халықаралық деңгейлерде және болжау оның даму мақсатында тиімді жұмыс істеуі туристік индустрия және тұтынушылардың сұраныстарын қамтамасыз ету.</p>	3
КП 3	КӘСІПТІК ПӘНДЕР ЦИКЛІ (КП)	14
1.	<p>Қонақ үй шаруашылығы</p> <p>Туристік орналастырудың тұжырымдамасы мен кластары: қонақ үй және бекеттен тыс кешендер. Қонақ үйлерді регламенттеу және жіктеу. Қонақ үй бизнесі және оның даму динамикасы. Орындалған жұмыстар көлемі бойынша қонақ үй құрылыстарын жіктеу. Қонақ үйде қызмет көрсетудің технологиялық сұлбасы. Туристік-қонақ үй кешенінің құрылымы. Қонақ үйдің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйелері. Қызметтердің жіктелуі</p>	5

	<p>және олардың функциялары. Қонақ үйлерде тамақтандыруды ұйымдастыру. Қонақжайлылық индустриясындағы корпоративтік мәдениет.</p> <p>Қонақ үй қызметі</p> <p>Студенттерге қонақ үй индустриясы кәсіпорындарының жұмыс істеуі, ұйымдастыру құрылымы, қонақ үйлер мен туристік кешендерде жұмыс істеу тәжірибесіне сүйене отырып, қызмет көрсетудің формалары мен әдістері туралы жалпы түсінік беру. Студенттердің қонақжайлылық саласында жүйелі білімін қалыптастыру; қонақ үй бизнесін ұйымдастыру ерекшеліктерін қарастыру; Қонақ үйлерді жіктеу жүйелерімен танысу. туризмді мемлекеттік реттеу бойынша әдеби көздермен және нормативтік-құқықтық материалдармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру; қонақтарға орналастыру құралдарында қызмет көрсету технологиясын зерделеу; қонақ үй сервисінің мәдениетін қарастыру.</p>	
2.	<p>Мейрамхана бизнесі</p> <p>Мейрамханалардың жіктелуі және олардың сипаттамалары. Мейрамхананың тиімді жұмыс істеу мүмкіндігін анықтайтын факторлар. Мейрамхана мәзірін қалыптастыру және рәсімдеу ерекшеліктері. Мейрамханада технологиялық процесті ұйымдастыру. Персоналдың еңбегін ұйымдастыру әдістері. Мейрамханалық қызмет көрсетудің түрлері мен формалары. Мейрамхана қызметкерінің кәсіби этикасының ерекшеліктері. Мейрамхананың корпоративтік мәдениетінің түсінігі, функциялары және көрсеткіштері. Мейрамхана қызметтерін маркетингтік зерттеуді ұйымдастыру бағыттары. Қазақстандық мейрамхана бизнесінің даму тенденциялары және ерекшелік ерекшеліктері. Мейрамхананың фирмалық стилі және имидж саясаты. Атмосфера және мейрамхана дизайны. Қазақстандағы мейрамхана бизнесінің дамуының қазіргі тенденциялары.</p> <p>Заманауи жағдайдағы мейрамхана бизнесінің үрдістері</p> <p>Туристік индустрияның тұтынушыларына қызмет көрсету инфрақұрылымының жоғары деңгейін қамтамасыз ететін мейрамхана бизнесін ұйымдастырудың принциптері, әдістері мен ерекшеліктері саласында білімі бар туризм саласының мамандарын даярлауға ықпал ету. Пәнді оқыту мақсаты: қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының түрлі типтері мен кластарына арналған қолданыстағы талаптар мен нормаларды талдау; мейрамханалардың жіктелуін қарастыру; мейрамханадағы өндірістік-технологиялық үрдісті ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтау; мейрамханалық қызмет көрсетудің негізгі түрлері мен жаңа түрлерін оқу; мейрамханалық қызметтерді жылжыту бағыттары мен нысандарын қарастыру; мейрамхананың корпоративтік мәдениетінің функциялары мен құндылықтар жүйесін анықтау; мейрамханалық қызметтерді дамытудың қазіргі заманғы үрдістерін анықтау.</p>	5
3.	<p>Туризм және қонақжайлықта мемлекеттік реттеу</p> <p>Қонақжайлылық және туризм индустриясы кәсіпорындарының қызметін мемлекеттік реттеу ерекшеліктерін зерттеу. Туризмді мемлекеттік реттеу міндеттері мен функцияларын анықтау. Туризм және қонақжайлылық индустриясының муниципалдық басқару рөлін зерттеу. Қазақстандағы туризм және қонақжайлылық индустриясын мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдірудің маңызды бағыттарын айқындау. Туризмнің жоғары дамуы бар шет елдердегі туризм мен қонақжайлықты мемлекеттік басқару (реттеу) тәжірибесін зерттеу және оны Қазақстанда пайдалану мүмкіндіктерін</p>	4

анықтау. Қазіргі туристік бизнес және тұрақты даму.	
Туризмдегі құқықтық реттеу	
Еңбек заңнамасына сәйкес өз құқықтарын қорғау. Туристік қызметке қатысты негізгі терминдер мен ұғымдарды кәсіби пайдалану. Туристік қызметті құқықтық реттеу жөніндегі заңнамалық актілер мен нормативтік құжаттарды пайдалануға құқығы бар. Туристік қызметті құқықтық реттеу, Туризмдегі сақтандыру, туристік формальдылықты реттеу мәселелері бойынша заңнамалық актілер мен нормативтік құжаттарды білу. Қызметкерлердің кәсіби қызмет саласындағы құқықтары мен міндеттері. Кәсіби қызмет процесінде құқықтық қатынастарды реттейтін Негізгі заңнамалық актілер және басқа да нормативтік құжаттар. Кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңнамалық актілер мен нормативтік құжаттар.	